

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_ Шағтық \_\_\_\_\_

Топ: мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты
Ақпан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;</li> <li>- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;</li> <li>- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;</li> <li>- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;</li> <li>- балалардың дене қалыпттарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналықпедагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.</li> </ul> <p><b>Негізгі қимылдар.</b>  <b>Еңбектеу, ормелеу:</b> жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен</p>

«жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

**Жалпы дамытушы жаттығулар.**

**Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:** екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

**Спорттық жаттығулар.**

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

**Шанамен сырғанау.** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.

**Сырғанау.** Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.

**Жүзу.** Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде

созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

**Судағы аэробика.** Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

**Спорттық ойындар.**

**Хоккей элементтері.** Берілген бағытта қақпаға хоккей таякпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

**Қимылды ойындар.**

Бінта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.

Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

**Дербес қимыл белсенділігі.**

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.

Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.

Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**

		<p>Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тындауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды тандау;</li> <li>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</li> </ul> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.  Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.  Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p>

	<p><b>Сөздік қор</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</li> <li>- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып,</li> </ul>

	<p>тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.</li> <li>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</li> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</li> </ul> <p>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
Сауат ашу негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;</li> <li>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</li> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру.</li> </ul> <p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі</p>

	дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Қазақ тілі	<p>- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;</p> <p>- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;</p> <p>- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу.</p> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b>  Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдыкталған орта құру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс аруды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор</b>  Шағын өлеңдер, санамақтар, жанылтпаштар, такпақтар жаптатау, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.</p>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;</li> <li>- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп - салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;</li> <li>- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;</li> <li>- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.</li> </ul> <p><b>Жиын.</b> Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның</p>

бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.

Сан және санау.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.

### **Шама.**

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

### **Геометриялық фигуралар.**

Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

### **Кеңістікті бағдарлау.**

Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта,

	<p>оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b></p> <p>Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;</li> <li>- дербестікке тәрбиелеу;</li> <li>- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;</li> <li>- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;</li> <li>- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;</li> <li>- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.</li> </ul> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b></p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b></p>

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

#### **Көлік, байланыс құралдары.**

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

#### **Еңбекке баулу.**

Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

#### **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.

#### **Жол қозғалысы ережелері.**

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу

	<p>жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p>
<p>Құрастыру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</b></p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p>

Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p>
Мүсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.</p>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;</li> <li>- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;</li> <li>- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;</li> <li>- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;</li> <li>- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.</li> </ul> <p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p>
Музыка	<ul style="list-style-type: none"> <li>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</li> </ul>

Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.

### **Музыка тыңдау.**

Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.

Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.

Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.

Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың,

Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас

Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу

әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын

орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.

Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.

### **Ән айту.**

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту

дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

#### **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

#### **Билер.**

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әңкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін

кұрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.

**Би шығармашылығы.**

Таныс би кимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би кимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында карапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Музыкалық (дауылпаз, асатаяк, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.